

**Бородулиха аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 қыркүйектегі № 53-9-VI " Бородулиха ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Абай облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 15-9-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 5 сәуірде № 250-18 болып тіркелді

Бородулиха аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бородулиха аудандық мәслихатының "Бородулиха ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" 2020 жылғы 25 қыркүйектегі № 53-9-VI ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7619 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

осы шешімнің қосымшасына сәйкес көрсетілген шешімнің 4-қосымшасы жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бородулиха аудандық мәслихат төрағасы*

*С. Урашева*

Бородулиха аудандық  
мәслихатының  
2024 жылғы 29 наурыздағы  
№ 15-9-VIII шешіміне  
қосымша

**Бородулиха ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары**

Келесі объектілерінің іргелес аумақтарынан кемінде 800 метр қашықтықта пикеттеуді өткізу шекарасы айқындалсын:

- 1) жаппай жерлеу орындары;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілері;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдар;
- 4) қауіпті өндірістік объектілер және пайдаланылуы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілер;
- 5) магистральдық теміржол желілері, магистральдық құбыржолдар, ұлттық электр желісі, магистральдық байланыс желілері.